

Агенттіктің 2021 жылы SREP әдіснамасы бойынша банктерді қадағалап бағалауының нәтижелері

Ең озық әлемдік практикаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (Агенттік) 2019 жылдан бастап¹ екінші деңгейдегі банктердің қызметін бақылау және қадағалау шеңберінде тәуекелге бағдарланған тәсілді (ТБТ) қолданады. ТБТ тұжырымдамасы Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің және Халықаралық Валюта Қоры мен Дүниежүзілік Банктің қаржы секторын бағалау жөніндегі бағдарламаларының (Financial Sector Assessment Program, FSAP) базалық қағидаттарының негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Тәуекелге бағдарланған тәсілдің негізгі міндеттері банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу үшін ерте араласу және уақтылы қадағалау әрекеттерін қабылдау мақсатында банктер қызметіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау және болдырмау болып табылады.

Тәуекелге бағдарланған тәсіл шеңберінде Агенттік Еуропалық орталық банктің тәжірибесі негізінде әзірленген ***Supervisory Review and Evaluation Process (SREP)*** әдіснамасы бойынша жыл сайынғы қадағалау процесін енгізді, оның барысында банктердің тәуекелдерін қадағалап бағалау тәуекелдерді бағалау жүйесінің (ТБЖ) төрт негізгі бағыты бойынша ақпаратты сандық және сапалық талдау арқылы жүзеге асырылады:

- 1) *бизнес моделін бағалау;*
- 2) *капитал тәуекелдері;*
- 3) *өтімділік тәуекелі;*
- 4) *корпоративтік басқару жүйесі.*

Тәуекелдерді зерделеудің әрбір саласын бағалау нәтижесінде «1» - ден (төмен тәуекел) «4» - ке (жоғары тәуекел) дейінгі деңгей беріледі және банк бойынша соңғы рейтинг шығарылады.

Сандық талдау тәуекел-факторларды тәуекел деңгейі тұрғысынан бағалайды және ұсынылатын қаржылық және реттеуші есептілікке және өзге де сандық өлшемдерге сәйкес банктің салыстырмалы және абсолютті қаржылық көрсеткіштерінің өзгерістерін бағалауды қалыптастырады. Сапалық талдау сандық талдауды толықтырады. Оны жүргізу кезінде тәуекелді бақылау деңгейі бағаланады және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне заңнамалық регламенттелген талаптарды ескере отырып, банктің бизнес бейініне әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы факторларды бағалауға неғұрлым перспективалы тәсіл қолданылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен бекітілген Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын реттеушілік талаптар екінші деңгейдегі банктерге тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру

¹ 2020 жылғы қаңтарға дейін – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) түрінде бекітілген. Оларда ең үздік халықаралық практикаларды қолдана отырып, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру қағидаттары: Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің, Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің, Еуропалық Орталық банктің ұсынымдары белгіленген.

Қағидаларда тәуекелдерді басқару жүйесіне жалпы тәсілдер айқындалған, бұл ретте банк өзіне тән тәуекелдер мен олардың көлемін ескере отырып, жүйені дербес құратыны көзделген. Қағидалар шеңберінде ішкі саясаттар мен рәсімдердің мазмұнына қойылатын талаптар оңтайландырылды, оның ішінде капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділікті бағалаудың жаңа процестерінің болуы жөніндегі талаптар енгізілді, топ-менеджменттің және тәуекелдерді басқару процесіне өзге де қатысушылардың рөлдері нақты регламенттелді.

Банктерге өз қызметін Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру үшін 2020 жылғы 1 қазанға дейін мерзім берілді.

2021 жылдың желтоқсанында Агенттік SREP әдіснамасы бойынша банктердің толық ауқымды бағалауын анықтады. Атап айтқанда банктердің:

- бәсекеге қабілеттілік пен кірістіліктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ететін таңдалған стратегияның, өнімдердің, жоспарлау процестерінің жиынтығы ретінде **бизнес-модельдерге**:

- банктің жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын тәуекелдер көлемінің нақты аумағын, сондай-ақ тәуекелдердің іске асырылуына жол бермеу не олардың банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында банк қызметінің тәуекел-бейінін айқындайтын **тәуекел дәңгейінің стратегиясына**;

- банк қызметі стратегиясының, банктің уәкілетті органдары арасында шешімдер қабылдау жөніндегі міндеттер мен өкілеттіктерді бөлудің, директорлар кеңесі мүшелері, басқарма, банктің сыртқы және ішкі аудиторлар арасындағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық тетіктерінің, тәуекелдерді басқару рәсімдері мен әдістемелерінің, ішкі бақылау жүйесінің, сыйақы жүйесінің тиімділігін, басқарушылық есептілік жүйесінің барабарлығын, корпоративтік басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша **корпоративтік басқаруға**;

- тәуекелдің, оның ішінде кредиттік тәуекелдің, нарықтық тәуекелдің, операциялық тәуекелдің, сондай-ақ банк ұшырайтын өзге де тәуекелдердің банк қызметіне тән түрлерін анықтау, бағалау, агрегациялау мен бақылау, сонымен қатар банк стратегиясына, елеулі тәуекелдерді жан-жақты бағалау нәтижелеріне, тәуекелдің ішкі және сыртқы факторларына қатысты банктің қаржылық орнықтылығын стресс-тестілеуге, сондай-ақ банктің жеке капиталының жеткіліктілігіне қойылатын талаптарға қарай капиталды жоспарлау бойынша **капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестеріне**;

- өтімділік тәуекелін, соның ішінде әртүрлі уақыт интервалдарында активтер, міндеттемелер және баланстан тыс құралдар бойынша ақшалай ағындарға толыққанды болжам жасау бөлігінде өтімділік тәуекелін анықтау, бағалау, мониторингтеу мен бақылау бойынша **өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестеріне** қойылатын Қағидалардың талаптарын орындауына тексеру жүргізілді.

Агенттіктің 2021 жылы жүргізген қадағалап бақылауының нәтижелері бойынша банк секторы COVID-19 пандемиясына байланысты сыртқы факторларға төзімділік танытты. Банктер капитал мен өтімділіктің жеткілікті қорына ие, бұл оларға ағымдағы сыртқы экономикалық күйзелістерді сіңіруге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, көптеген банктер қызметінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде жақсарту мен жетілдіруді талап ететін, реттеуші назар аударған бірнеше негізгі саласы бар. Сапалық көрсеткіштерді бағалау нәтижелері бойынша олар:

- банк қызметіне тән тәуекелдердің барлық түрін өтеу үшін **жеткілікті капиталдың қажетті деңгейін есептеу әдіснамасын** әрі қарай жақсарту. Ережелер капитал жеткіліктілігін анықтаудың ішкі процесінің тәуекелдің банк қызметіне тән елеулі түрлерін анықтау, бағалау, агрегирлеу мен бақылау арқылы капиталды тиісті басқару және оларды өтеу үшін жеткілікті қажетті капитал деңгейін анықтау, сондай-ақ банк стратегиясына, елеулі тәуекелдерді жан-жақты бағалау нәтижелеріне, тәуекелдің ішкі және сыртқы факторларына қатысты банктің қаржылық орнықтылығын стресс-тестілеуге қарай капиталды жоспарлау үшін қажет екендігін айқындайды.

Сонымен бір мезгілде Агенттік күтпеген жағдайларда капитал жеткіліктілігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды жетілдіру қажеттілігін атап көрсетті.

Көрсетілген кемшіліктер банктермен байланысты тұлғаларға қойылатын талаптар бойынша капитал тәуекелдері және қарыздардың шоғырлану тәуекелдері сияқты банктердің сандық көрсеткіштерінің көтеріңкі мәндері және банктердің капиталдарды енгізу қабілеттілігінің асыра бағаланған жалпы көрсеткіштері арқылы көрсетіледі.

- түзетуші шаралардың жеке жоспарына сәйкес іс-шаралардың аяқталмауымен байланысты **кредиттік тәуекелді басқару кезінде осыған дейін активтер сапасын бағалау (AQR) барысында анықталған кемшіліктердің сақталуы**. Негізгі іс-шаралар кредиттік тәуекелдерді төмендету бойынша процестерді жетілдіруге, атап айтқанда қарыздарды қайта құрылымдау бойынша өлшемшарттарды белгілеуге, кепілді қамтамасыз етудің және өзге де банк активтерінің әділ құнын айқындауға, сондай-ақ банктердің кредиттік тәуекелін төмендетуге бағытталған

банктердің ішкі саясаттарын, процестерін және практикаларын пысықтауға бағытталған.

Бүгінгі күні банктер AQR нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою жұмыстарын жүзеге асыруда, алайда бұл жұмыс әлі толық көлемде аяқталған жоқ, осыған байланысты жұмыс істемейтін активтер деңгейін көрсететін (NPA) банктердің кредиттік тәуекелдерінің сандық көрсеткіштері жеткілікті түрде төмен емес.

- банк өз қызметін, бәсекелес ортаны, ресурстар жеткіліктілігін және қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кірістілікті енгізу қабілеттілігін бағалауды, SWOT-талдау барабар рәсімін өткізуді (банктің бизнес моделінің мықты және әлсіз тұстарын) жүзеге асыратын кірістіліктің, мақсатты нарықтардың негізгі көздерін талдау бөлігінде **стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процестеріндегі кемшіліктер**. Қағидаларда тәуекелдерді басқару жүйесі банк қызметтерінің негізгі бағыттарының кірістілігі мен қабылданатын тәуекелдер деңгейінің арасындағы өмірге қабілетті және орнықты бизнес моделін таңдауға, тәуекел-тәбетінің стратегиясын ескерумен стратегияны және бюджетті жоспарлау тиімді процесіне негізделген оңтайлы қатынасты қамтамасыз ететіні көзделген. Осылайша, кірістілік көздерін жоспарлау және талдаудағы кемшіліктер алынбаған пайыздық кірістердің сомаларында көрсетілді (есептелген және алынған пайыздар арасындағы айырмашылық).

- **тәуекел-тәбетті анықтау әдістемелерінің** және (немесе) банктердің тәуекел-тәбетін анықтайтын тиісті көрсеткіштердің **жетілмегендігі**, тәуекел деңгейінің көрсеткіштерін анықтау кезінде стресстестілеу нәтижелерін пайдаланбау. Банктердің тәуекел-тәбетінің көрсеткіштерін анықтаудағы кемшіліктер банктердің қызметіне тән банктердің маңызды тәуекелдерді жете бағаламауына алып келеді. Қағидаларға сәйкес тәуекел дәрежесінің стратегиясы банктің жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын тәуекелдер көлемінің нақты шектерін айқындайды, сондай-ақ тәуекелдердің іске асырылуына жол бермеу не олардың банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында банк қызметінің тәуекел-бейінін айқындайды. Осы байқалған кемшілік қарыздардың депозиттерге жоғары арақатынасымен негізделген, сондай-ақ қорландыру көздерін жеткілікті түрде тиімді әртараптандыруды сипаттайтын банктердің өтімділік көрсеткіштеріне әсер етті.

- SREP шеңберінде есептелген және банктердің қорытынды бағалауына әсерін тигізген банктердің сандық көрсеткіштеріне әсер еткен капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділікті бағалаудың ішкі процестеріндегі өзге де кемшіліктер.

SREP әдіснамасы шеңберінде Агенттік жүргізген жыл сайынғы қадағалап бағалаудың нәтижелері және берілген тәуекел деңгейіне байланысты жекелеген банктерге қатысты қадағалау шараларын қолдану жөніндегі ұсыныстар Агенттіктің Қадағалау комитетінің қарауына шығарылды. Комитет Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылауға және қадағалауға байланысты мәселелерді жедел және құзыретті қарау үшін құрылған Агенттіктің алқалы органы болып табылады.

Комитет берілген тәуекел деңгейіне байланысты жекелеген банктерге қатысты қадағалау шараларын қолдану жөніндегі ұсынылған тәсілдерді мақұлдағаннан кейін Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген одан әрі бақылау және қадағалау іс-шараларын жүзеге асырады.

Мынадай шаралар қабылдануда:

- анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді көрсете отырып хат жолдау;
- анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдық қадағалап ден қою шараларын қолдану;
- анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарларын талап ете отырып, уәжді қадағалау пікірін пайдаланып, қаржылық жай-күйді жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды қолдану;
- банктердің қолданыстағы қадағалау іс-шаралар жоспарларының орындалуын мониторингтеуді жалғастыру.

Агенттік банктердің қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалауды жетілдіру және қадағалау құралдарын, атап айтқанда тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеуді одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыруда.